

84(5 КАЗ) 4-5
214

Зекен

ӘБДІҚОЖАЕВА

Каз
жүргегі



81(0745)7-0
J 14

Зекен
ӘБДІҚОЖАЕВА

Көз
жүргі

Өлеңдер



АСТАНА
Алматы,
2009

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз7-5
Ә 14**

**Әбдіқожаева З.
Ә 14 Қыз жүргегі /Өлеңдер.
Алматы, «Ан Арыс» баспасы,
2009. — 112 бет.**

ISBN 978-601-06-0148-2

Оқырман қауым қолына тиіп отырган бұл жинақ — Зекен Әбдіқожаеваның тұсаукесер тұңғыш кітабы. Алғашқы өлеңдері жастардың «Толқынинаң толқын туады» атты ұжымдық жинағына енген жас ақын бұл жолы өзінің жырға құштар жүрегінің нәзік лүпілін анық аңғартады, шынайы сыр шерте отырып, өлеңге таласы бар талапкер екендігін айқын сездіреді.

**Ә 4702250202
00(05)-09**

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз7-5**

ISBN 978-601-06-0148-2

© Әбдіқожаева
Зекен, 2009
© «Ан Арыс»
баспасы, 2009

Бірінші бөлім

**МЕН СЕҢІ
СҮЙЕДІ ЕКЕМ....**



МАХАББАТ

Жоқ менде білем бөтен үн,
Жырыма теліп өтемін.
Сезімнің шыңы — махабbat,
Жүргім — сенің мекенің.

Көлінде мені тербедің,
Шөлінде сенің шөлдедім.
Сөзіммен келем кестелеп
Сезімнің сендік өрнегін.

Сыр болып саған ашылам,
Нұр болып шыңға шашылам.
Қызғаныш билеп бойымды,
Мойнына мұнның асылам.

Бермеді ғажап күй тыным,
Кеудеме түйем сый, сырын.
Баурайды нәзік жанымды
Беймәлім сенің сиқырың.

Бағым бол мәңгі менің сен,
Табайын сені егілсем.
Тілің боп сенің сөйлейін,
Тек мендік болып беріл сен.

Қыркүйектің 21-i, 2001 жыл.

Жалт бұрылып қарадың да,
Езу тарттың сәл ғана.
Соған мәз бол жас баладай,
Тұрып қаппын алдана.

Неткен сурет осы бейнең,
Көз алдыымда түр әлі.
Махаббаттың аппақ қана
Төгілгендей шуағы.

1992 жыл.



Егер мені шын сүйсөң,
Жүргегінді жұлып бер.
Азабымды көтерсөң,
Жылап тұрып, құліп бер.

Отқа түссөң мен үшін,
Дүшпанымды жығып бер.
Бақытты еткің келсе егер,
Бақ гүлімді үзіп бер.

Мен деп соқса жүрегің,
Суы болсын бұлақтың.
Танымасаң жанымды,
Уақытқа сынатқын.

Құсым болып қон десөң,
Қайың болып бүр атқын.
Болмаса егер осылар,
Мен өзіңнен жырақпын.

Ақпанның 5-i, 1993 жыл.

ҰНАТУ

Сен, жігіт, маған ұнадың, шыным, ұнадың,
Жібітпей өңім әйтеуір келді сынағым.
Білмеген болып сен жайлы әңгімелерді,
Досымнан оны қайталап тағы сұрадым.

Байқадым тағы, тұрдың сен маған қадала,
Дуылдаң бетім, өртеніп денем бара ма?
Жүрегім сонда кеткендей болды теңселіп,
Шапшыды көкке беймаза сезім-шағала.

Қоштасар мезгіл.
Кешіміз бітті қызықты.
Қайтесің сөгіп «жүрекпін» деген бұзықты.
Сыбырлап қана айтып ең екі ауыз сөз,
Кимадым сені.
Жанарың қандай сыр ұқты?

Желтоқсан, 1990 жыл.

ҒАШЫҚПЫН

Шырындай шын от сезімді
Жанымша шипа, ем қылдым.
Жеткізе алмай сөзімді,
Ғашық бол саған мен жүрмін.

Жоқ саған айтар батылым,
Алдында сансыз бөгет көп.
Жетпейді де оған ақылым,
Сездірмеу ғана керек тек.

Тиісем бардай жырда өшім,
Шыдамды жүрмін ноқталап.
Адамдар ғана білмесін,
Аққулар білсін ақ қанат.

Жұмбақ қой сыры ғашықтың,
Ғашықтық — қандай тәтті ұғым.
Жаным, мен саған ғашықпын,
Балқытты балдай тәтті мұн.

Наурыздың 16-сы, 1993 жыл.

* * *

Сезімге табындың ба?
Сағындың ба?
Жүректің әміріне бағындың ба?
Сағыныш жанарыңа сыр боп тұнып,
Жүрсің бе ерік беріп сағым мұнға?

Жоқ, әлде шығардың ба мені есіңмен?
Мен жайлыштың айта ма жел есілген?
Мен жүрмін махаббаттың әуеніне
Би билеп баяғыдай елесіңмен.

1991 жыл.

АЛҒАШҚЫ МАХАББАТҚА

Жыр арнаймын толғанумен ұзақ түн,
Менен алыс кеткен ай да ұзап тым.
Тұңғыш рет маған арнап хат жаздың,
Тұңғыш рет мен жігітті ұннattым.

Тұстім өзім түсінбейтін халге мен,
Бір күй кештім жоғалғандай әлденем.
Көрсем дейтін пайда болды бір сезім,
Қалды ойын, қалды сабақ, қалды өлең.

Киялменен бірге қонам, бірге ұшам,
Айтар ойды жүрегіммен ұғысам.
Сен оқыған ашып сынып есігін,
Үзілісте көрінуге тырысам.

Ебін тауып қарсы келсең тіл қатып,
Алушы едім сабырымды ұрлатып...
Қандай ғажап ең алғашқы махабbat,
Сезінудің өзі қандай бір бақыт.

Естіліп түр әrbіr сөзің жаңғырып,
Тәтті сезім жоғалды да, қалды үміт.
Жүрегіме қадіріңді жалау ғып,
Жазып кеттің есіміңді мәнгілік.

Сәуірдің 11-i, 1992 жыл.



Есіме оралады
Өзіңмен танысқаным,
Үміт шың жағалады,
Білсең мен гарыштамын.

Көзіңен күлімдеген
Жақындық үғар жаным.
Сен ғой деп «гүлім» деген,
Кияда тұр арманым.

Бақытым сен бе деймін,
Адасып, кеш оралған.
Мұңынды сезбекеймін,
Қуаныш тосар алдан.

Көк айдын көніліме,
Аққу боп қоншы менің.
Аз ғана өміріме
Бақытым болшы менің.

1993 жыл.

* * *

Жыр боп түн жүрегімде жаттайтындай,
Күнім бол көз алдынан батпайтындай.
Бағым бол мен сыйлаған махаббаттың
Асылын өр кеуденде сақтайтындай.

Айым бол, түннен аулақ адастырған,
Жұлдыз бол арманыма таң астырған.
Мың алғыс жастық шақтың көктеміне
Аққудай екеуімізді жарастырған.

Жүрегім қуанышқа тасып, толып,
Біріміз бірімізге ғашық болып жүр едік.
Енді, міне, армандаймыз,
Қосылар күнге, жаным, асық болып.

Наурыздың 30-ы, 1993 жыл.

* * *

Шынымен-ақ сен маған сенбеймісің,
Дегеніме шын сүйсен қөн деймісің?
Көзі қиып өзгеге кетер деме,
Көз алдында тұрғанда сендей мусін.

Айтқаныма, жаным-ау, сенбеймісің?
Сен жоқ жерде қолымнан өнбейді ісім.
Серік болсам өмірлік тағдырыңа,
Бесігінде бақыттың тербеймісің?

Сені сүйем десем де сенбеймісің,
Құшағыма сеніммен келмеймісің?
Жүргімнің есігін айқара аштым,
Сыңарым бол төріне енбеймісің?

1994 жыл.

ҚЫЗҒАНЫШ

Эсем кештің сазы ма еді
Тебіренткен, тербеткен.
Көнілімнің жазы мені
Жетелейді ол да еппен.

Сендей жанға кездесем деп,
Ойланбастан келмеп пе ем.
От жаныңды сезбесем де,
Қылығыңа шөлдеп те ем.

Сүйген жанның бағымысың,
Алыстағы арман ба ең?
Бойжеткеннің әнімісің
Қол бұлғаған бал дәурен.

Алшақтатып алатындаі
Тілдесуге жасқанам.
Қолым жетпей қалатындаі
Қызғанамын басқадан.

Қаңтардың I-i, 1992 жыл.

❀ ❀ ❀

Сен менің арманымсың бұйырмадан,
Мәжнүннің телігендей күйін маған.
Саргайған саған деген сағынышты
Сиқырлап өлең, ету қыын маған.

Сен менің үмітімсің шектелмеген,
Көнілім сен дегенде көкке өрлеген.
Басқаны жақын көріп жар етсең де,
Қайтейін бұл жүректі жек көрмеген.

Сен менің биігімсің шыға алмаған,
Сондықтан қиял тіпті құмар маған.
Сен маған таусылмайтын мұң сыйладың,
Мен саған жүргегімнен жыр арнағам.

Білемін қиял құстай самғайтынын,
Шырын ой арамызды жалғайтынын.
Өзімді, өзгені де қинайтыны —
Әлі де сені ұмыта алмайтыным.

Қарашаның 20-сы, 2003 жыл.

ҚЫЗ ЖҮРЕГІ

Сүйіктім, тұсін мені, тұсін мені,
Сырымды бұғып жатқан ішімдегі.
Кінәм бар, кешіре алсаң, кеш мәңгілік,
Кінәла тек сүйгенім үшін мені.

Мен сені шын көнілмен ұнатқанмын,
Өзіңе талай-талай сыр ақтардым.
Екеуіміз қоштасқанда құліп тұрып,
Бұрылып кеткеніңде жылап қалдым.

Жүрейін өзге жанның құшағында,
Түсейін, өртенейін құса-мұңға.
Балауса сезімімді сен оятып,
Қоштастың уайымға тұсадың да.

Сүйіктім!
Қыз жүрегін ұғын, бірақ...
Ақтарып тұр алдында сырын жылап.
Махаббат жүрегіне із қалдырып,
Қызға да қындығын ұғындырад.

Шілденің 23-і, 1992 жыл.

СЫҢАР ҚАЙЫН

Махаббат, саған тағы жыр арнайын,
Әлі тұр ол баяғы сыңар қайың,
Екеуіміз көп жүретін ұзын жолдың
Мойнына тағып кеткен тұмардайын.

Әлі тұр сол ақ қайың өзгермеген,
«Өзінді сүйем» дейтін өзгерді өлең.
Баяғы балаң жігіт, балауса қыз
Кеткендей гүлін теріп боз белменен.

Тым ыстық көрінеді сыңар қайын,
Өзіне көңілімді бұрап дәйім.
Түбінде мені күтіп тұр ма екен деп,
Қараймын сен жүгіріп шығардайын.

Көрем де ақ қайыңды есіме алам,
Жастықтың қол бұлғайды кеші маған.
Сыздатқан сенің сиқыр есімінді
Қайтсем мен жүрегімнен өшіре алам?

Наурыздың 12-сы, 2001 жыл.



Бұрын мұндағы болатынын кім білген,
Көңіліме қыс келген бе, кәктем бе?
Саған қарап жылағым кеп түрдым мен,
Тереземнің алдынан сен өткенде.

Өкпелеттім сүйе тұра ішімнен,
Қимай түрдым сен мұңайып кеткенде.
Жүргегімнің сырын кейін түсінгем,
Бармақ тістеп не қылайын өткенге.

Сені әйтеуір бір көруге асықтым,
Қыз жанын ұқ, шыдамдылық жоқ менде.
Сенің тәтті қылышыңа ғашықпын,
Сенің демің тұрарлықтай от деуге.

Сені ойладым аппақ арай таңдарда,
Сені, жаным, жырларымнан жоқтадым.
Басқа жанның құшағына барғанда,
Жүргегімнің ұқтым сен деп соққанын.

1993 жыл.

КІНӘЛАУ

Сені ұнатып қалғанымды білмедің,
Асыл бейнен қөз алдымда тұр менің.
Қай арудың бағы екенсің бүйірған,
Маған келген бақ емессің - білгенім.

Асау жырдың ақтарылған кермегі
Екіталай жүрегімді емдері.
Саған, бәлкім, сыр ашпайтын шығар-ау
Ақ қағазға түскен сезім өрнегі.

Қызғаныштың жүр елесі сығалап,
Намыс қыстап, кейде амалсыз жылап ап.
Ұнатқаным үшін емес, мен сені
Сезбекенің үшін жүрмін кінәлап.

Қараша, 1992 жыл.



Не деген жүрексіз ең.
Жалған сүйдің.
Төріне шыққын қелді арман, сыйдың.
Табам деп көнілімді гүл ұсындын,
Ішінде тікенектің қалғансимын.

Не керек ез жүрекпен жырымды ұрып,
Кетпексің, сірә, мені сүріндіріп.
Сен мені намыссыз деп ойлап па едің,
Қатеңнің тұрсын жайын ұтындырып.

Демегін: «Сені қалай қия аламын»,
Сездірме алданыштың қиял-әнін.
Өзіңе қандай күні жолыққан ем,
Өзімнен өзім кейде үяламын.

Маусымың 14-і, 1993 жыл.



Бақытты бол.

Бұл — менің ақ тілегім.

Сен үйлендің.

Сыртыңнан бақ тіледім.

Жүрегімді қызғаныш тілгілесе,

Ақ жүзімді жас жуып жатты менің.

Көз алдымда дүние астан-кестең,

Тұманданды күндерім бастан кешкен.

Елесіңмен арбастым мына жақта,

Сен тыңдайтын

шығардым жақсы әнді естен.

Отқа салдым сақтаулы хаттарыңды,

Сырға толы тамаша бақ та мұнды.

Саған жазған, өтінем, өлеңімнің

Бір шумағын есінде сақтауыңды.

Өмір деген ғажайып сахнада

Бақытты бол!

Айтарым — осы ғана.

Сен деп соққан жүректің, тым болмаса,

Тұрмадың ғой бір тамшы жасына да.

ОРАЛМАДЫҢ

c

Сырым бар маған теліген,
Сүретін өмір менімен,
Жүректің алдың төрін ең,
Білдің бе сен?

Сезім боп алғаш келіп ең,
Кеудеме күй боп еніп ең,
Сүймесем егер сені мен,
Білдірмес ем.

Сиқырым болдың сен менің,
Шырыным болды кермегім.
Айналып неге келмедің,
Тосып едім.

Жүрекке тыным бермедің,
Бесігін мұндың тербедім.
Тағдырға анық көнгенім
Осы менің.

Қол жетпес биік арманым,
Киялым құшқан заңғарым.
Ғашығым, сенің жан-жарың
Бола алмадым.

Үмітпен атты таңдарым,
Күндерге күнді жалғадым.
Көнілді жырмен алдадым.
Оралмадың.

Наурыз, 2004 жыл

ЕКІ ТАҒДЫР

Сен қайдасың?
Мен қайдамын?
Алшақпыз.
Арамызда алып таулар, бар шат, құз.
Екеуімізге бір-бір отау тәуелді,
Екеуіміз де сағынудан шаршаппыз.

Сен елессің.
Мен сағыммын көлбекен.
Жолымызда тағдырлар түр көлденен.
Сен үрланып түсіме енсен, мен саған
Ыстық сәлем жолдап журмін желменен.

Сен өлеңсің.
Домбырамен саз қосам,
Сырым аян жүрек қылын қозғасам.
Арадағы өкпе-назды ұмытып,
Қауышатын болар екен кез қашан?

Мамыр, 2003 жыл.



Мүмкін бе сую өзгені,
Ал өзім жармын біреуге.
Сезімім сол бір кездегі
Кеудемде бірге тұнеуде.

Өлеңді ермек етсем де,
Келеді соның елесі.
Қоштасып мәңгі кетсем де,
Ойлаймын оны неге осы?

Арада талай жыл өтті,
Ұмыта алмай жүрмін мен.
Басқаны сүйген жүректі
Жазалай алмас жыр мұлдем.

Сүюдің сырын ұғамын,
Жүрекке қояр жоқ талап.
Тағдырдың құлы шығармын,
Сезімді қойдым ноқталап.

Наурыздың 14-i, 2001 жыл.

МЕН СЕНІ СҮЙЕДІ ЕКЕМ...

Мен сені неге сүйгем осыншама,
Тапсамшы ұмыта алар тосын шара.
Әйтеуір тағдырымыз бірікпеді-ау,
Жылдарға жыл айналып қосылса да.

Арманым — кездеспейтін сағым ұшқан,
Ойымды елесіңің табы құшқан.
Өткізген тіршіліктің мәнісі не,
Тұратын базбіреуге сағыныштан.

Аlam деп құшақ жайып таңды әніммен,
Өзінді сүйдім анық бар жаныммен.
Ал бірақ екеуімізге лайықты
Бақытқа қол жеткізе алмадым мен.

Қайтейін, ғашық жүрек күйеді екен,
Қауқарсыз қызғанышқа ие де екен.
Жалғыз-ақ білерім де, түйерім де -
Мен сені, сені ғана сүйеді екем.

Маусым, 2004 жыл.



Жырақта жүрмін.

Шыдап та жүрмін, үқпайсың.
Қинайсың, бәлкім,
ойымнан ұзап шықпайсың.
Жолыңа қарап жүріп-ақ төзім таусылды,
Сағынып салған әнімді ғана құптайсың.

Жырақта жүрмін.

Сынап та жүрмін сезімді,
Ұнатқан жүрек қылмайды керек төзімді.
Күтгумен жүрмін қауышар сәтті сарғайып,
Ризамын саған күттіре білген өзінді.

Жырақта жүріп ұқтырдың

жардың бағасын,
Сағынған сайын биіктеп тағы барасың.
Сезімнің шоғын серік деп сеніп үрлеген
Өзімнің ғана бақыттым болып қаласың.

Мамырдың 9-ы, 2001 жыл.

САҒЫНДЫМ

Күштар бол саған жүректен
ғажап жыр туды,
Ақылға келмей көнілім тулап бұлқынды.
Қайдасың, менің ақ қанат арман Аққуым,
Сағындым сені, сағындым әсем құлқінді.

Сыңғыры жетер желменен салған әнімнің,
Тағдырға көндім, баянсыз баққа бағындым.
Ұзатты мені сезімнің сиқыр көктемі,
Жоғалтып алған, Аққуым, сені сағындым.

Неліктен саған кездеспей кетем мұлде мен,
Түндерім қайда сені ойладап кірпік ілмеген?
Сағындым сені, сағындым сені, Аққуым,
Сүюдің азап екенін неге білмегем?

Қыркүйектің 26-сы, 2002 жыл.

АҚҚУЛАРЫМ-АЙ

Дала төсін шарлап,
Биік-биік самғап,
Менен алыс кеткен
Аққуларым-ай.

Сыңарымды іздең,
Бау-бақшаға жұз кеп,
Жолдарыңды құттім,
Аққуларым-ай.

Жоқ еді ғой кінәм,
Кім айыпты бұған,
Көліңе қон келіп,
Аққуларым-ай.

Сағыныштың сазын,
Көнілімнің жазын
Сыйлар ем сендерге,
Аққуларым-ай.

Сағынамын жылап,
Амал бар ма бірақ,
Махаббатым сөнген,
Аққуларым-ай.

Сүйген жүрек мәңгі
Атқызады таңды,
Сыңарым келер деп,
Аққуларым-ай.

Шілденің 22-сі, 1993 жыл.



Жырым болды көнілдің алданғаны,
Әнім де сол баяғы салғандағы.
Менде ешқандай махаббат болған емес,
Болған күннің өзінде жалған бәрі.

Үй маңында тізілген қара ағаштар,
Қарал тұрған телміріп жалаңаш жар
Әйтеуір мен келгенде осы жаққа
Откен күннің әуенін сала бастар.

Тұсіреді неге еске? Қаламаймын,
Шектіреді жаныма жазадай мұң.
Мөлдіреген алғашқы махаббатты
Қайталанбас бақытқа бағалаймын.

Откен күнді өштіге қиям, білем,
Тамшыларын көзімнің тыям, күлем...
Менде ешқандай махаббат болған емес,
Болған күннің өзінде қиял кілең.

Шілденің б-сы, 1993 жыл.



Махаббатты жырыма тірек етем,
Тағдырыңнан бағынды тіле, көкем.
Жүргімен беріле сүйген адам
Бақыт тілеп сыртыңнан жүреді екен.

Сене берме елжіреп «сіз» дейтінге,
Келер, бәлкім, қудерін ұзбей күнде.
Сен кеткенмен өзгеге айырбастап,
Сүйген адам көрсем деп, іздейтін де.

Толастамай бал сезім, жалын жаны,
Кінә ма екен өзінді сағынғаны.
Керек-ақ қой сезімге тұрақтылық,
Ол жүрекке тиісті бағынғаны.

Махаббатта — ақ сағым, жиі алдайды,
Бірге жүрер өзімен қиял, қайғы.
Сен сүймейсің сені адал сүйген жанды,
Сен сүйгенмен, сені өзге сүйе алмайды.

Наурыздың 23-і, 1995 жыл.



Сүйем сені,
Сүйіп өтем мәңгілік,
Махаббатты қалықтатам ән қылып.
Жүректерге ешбір бөгет болмасын,
Екеуімізбен жарассыншы сәнділік!



Алғашқы махаббат бәрінен тәтті,
Жүрекке тұсken жарасы қатты.
Лұпілдең жүрек қаласа сені,
Болсыншы деймін қадамың сәтті!



Мен саған құс бол үшып жетсем бе екен,
Жоқ, әлде көз жасымды төксем бе екен,
Бәрібір қанша жерден болып әлек,
Білмейсің ғашық болып өтсем де сен.



Махаббат бар жерде тәттілік болсын,
Арман бар жерде сәттілік болсын.
Қыздар бар жерде пәк қылық болсын,
Ұлдар бар жерде бақ тұнып тұрсын!

Екінші бөлім

ӘМІР ӘРНЕКТЕРІ



* * *

Мен жайында не білсін мына адамдар,
Сүйінгеннен көбірек сынағандар.
Мен сүрінсем, дұшпаным, мәзсің білем,
Мен жыласам, жанашыр, жыламаңдар.

Биіктелім, қыран боп үштым демен,
Төмендедім, қиядан түстім демен.
Сыбағамды бермеген не айтайын
Мынау сараң тағдыры түскірге мен.

Улес алдым қайсыбір арманнан да,
Сәттерім бар ойымнан алданған да.
Мен аңсаған бақыттың көгершіні
Кешігуде, сағымға арбалған ба.

Қу жаныма білмеймін не керегін,
Көгерерін, мәңгіге бөгелерін.
Таңғажайып тұрлаусыз дүниенің
Қуып жүрмін әлі де көбелегін.

Қазанның 19-ы, 1992 жыл.

ЖИЫРМА ЖАС

Жиырма кеп көктем,
Жиырма жыл өткен,
Есейткен мені бал күндер.
Толады — ай сезім,
Баладай кезім
Десе де мейлі әркімдер.

Келдім мен бүгін,
Бұлақтай үнім,
Жиырманың биік шыңына.
Аспаным нұрлы,
Бастадым сырлы
Өмірдің мәнін үғына.

Толқын боп көлде,
Қорған боп желге
Тұрамын, келмес мұң маған.
Ғаламның сырын,
Көңілдің гүлін
Желпитін кәусар жыр жазам.

Тұндерден тылсым,
Күндерден бір күн
Кетсем де мәңгі жырақтап,
Маржаның жиғым,
Күмістен құйым,
Жырларым қалсын тұрақтап.

Шақырған шындар,
Бау-бақша гүлзар,
Бақыттымын деп айта алам.

Өкінгін мейлі,
Бекінгін мейлі,
Жиырма жас келмес қайтадан.

Шілденің 21-і, 1992 жыл.

БАҚЫТЫМДЫ ІЗДЕП ЖУРМІН

Арайланған ақ таңымнан,
Күн нұрынан ақтарылған,
Гүл жайнаған бақтарымнан
Бақытымды іздең жүрмін.

Өмірімнен мені өсірген,
Ұзақ жолдың белесінен,
Көңілімнің кемесімен
Бақытымды іздең жүрмін.

Ақындардың жырларынан,
Жүректердің сыр-бағынан,
Сезімдерден нұр дарыған
Бақытымды іздең жүрмін.

Шабытыма шабыт берер,
Жан сырымды анық көрер,
Дүшпанымды танып берер
Бақытымды іздең жүрмін.

Жылт-жылт еткен үміттерден,
Жаны жайсан жігіттерден,
Болашақтан үміткерден
Бақытымды іздең жүрмін.

Ақ қанатты тілегіммен,
Жырға толы жүрегіммен,
Шынымды айтсам, бұл өмірден
Бақытымды іздең жүрмін.

Наурыздың 12-сы, 1992 жыл.



Налыма, жүрек, қамығып,
Қол бұлғайды әне сан үміт.
Жетейін мен де асқарға,
Жастықтың жарқын әнін үк.

Сенсің ғой күміс үнім де,
Қайғырма, жүрек, күлімде.
Дүшпанға әлсіз қырымның
Білдіре көрме бірін де.

Ауыртпа жанды, жүрегім,
Табады дейсің кім емін.
Налысаң, қалай жадырап,
Қайғысыз жандай күлемін.

Тоқтама жүрек-өмірім,
Көнілдің жықпа сенімін.
Артымда ізім қалсын деп,
Бағымды жырға телідім.

Арманым менің алыста,
Жеткізші, жүрек, ғарышқа.
Тілерім сенен жалғыз-ақ
Бағыма тапсыр, табыста.

Наурыздың 10-ы, 1993 жыл.

* * *

Төсектен тұртіп оятың мені,
жырларым,
Сезіммен бірге қиялға
бастың бірге адым.
Беймаза бір күй кеудемде
қалды қонақтап,
Ұйқымды шырын үрладың.

Жаныма жақын жараган
өзің серік пе ең,
Шуагым сенсің кеудемнің
тонын еріткен.
Өзіңе жүрмін арманнан
орын бөліп мен,
Болуы бұлай неліктен?

Ақпаниң 10-ы, 2002 жыл.



Жырды сүйем,
Сеземін бір ғажабын,
Үқсатамын нұрланған Күнге ажарын.
Сәулесінен тіріліп тіршілігім,
Бұл өмірді жырлаған — жырлағаным.

Жырды сүйем.
Садаға алтын басым,
Жалын атып жанарым жарқылдасын.
Өзегіне от түсіп өлеңімнің,
Дариясы бағымның сарқылмасын.

Жырды сүйем.
Балауса, балдырған үн,
Тасты ерітіп, адамның жандыр жанын.
Болашақтың берейін сыбағасын,
Барым — осы, мұраға қалдырғаным.

Жырды сүйем.
Қаным бар мұсінінде,
Тиістімін алдында кішіруге.
Мәртебесін көтеріп туған тілдің,
Асқақтығын парызыым — түсіну де.

Жырды сүйем.
Сүйемін, өлең, сені,
Бақыттымның баянды бол өлшемі.
Ақиқаттың мініп ап сәйгүлігін,
Жан-тәніммен жырлаумен келем сені.

Шілденің 7-сі, 1992 жыл.

* * *

Өлеңнің іздең өткелін,
Мұңға да жиі беттедім.
Ақылдан асып өтпедім.
Киналған шағым көп менің.

Өлеңнің іздең асуын,
Болмашы сәттен тасыдым,
Сағым да сынды. Жасыдым.
Жасымды төктім жасырын.

Өлеңнің іздең беткейін,
Қатардан қалдым көп кейін.
Ашуға еріп кетпейін,
Бағымды басқа теппейін.

Өлеңнің іздең заңғарын,
Сыбаға-сырды арнадым.
Үмітке тілек жалғадым,
Бетімнен бірақ танбадым.

Өлеңнің іздең мекенін,
Шарладым Күннің етегін.
Арманның ұстап жетегін,
Өмірден күліп өтемін.

Қарашаның 20-сы, 2003 жыл.



Тұңғылғен шақта ұтатын мені жырғана,
Жыр деген пірім бағынбас сүмға, мұңға да.
Жетелеп жүрген төтелеп бірден биікке
Жұлдызыымды жырым,
бақытым сенсің бір ғана.

Іздеймін жырды.
Жырларым табар мені іздең,
Тербейді әлем екеуін шалқар теңіз бол.
Мақсаты бірге ескек пен қайық секілді
Жаралған ба екен жыр, сірә, маған егіз бол.

Сезімнен нәр ап бүр атты қанша
жыр-шынар,
Тілеуін тілеп бағымның, бәлкім, тұр шығар.
Кей жырым кетті қызыымдай тауып өрісін,
Кей жырым қонған тұтырын тауып
Ұл шығар.

Жырларым — назым,
жайнаған жазым, ажарым,
Тайдырма батыл бағыттан мені тәж-арым.
Сарқыла көрме, тірліктің тәтті сағаты,
Жырыммен жүрмін өмірдің
шарлап базарын.

Сәуірдің 5-і, 2001жыл.

* * *

Жүретін сәтте гүл жиып,
Басыма сансыз мұнды үйіп,
Отырам ойға шырмалып,
Сезімге сұңгіп тұңғиық.

Оңаша қалып өлеңмен,
Сырымды санға бөлем мен.
Басымды әрең босатам,
Жыр деген жіпсіз көгеннен.

Үйқыға кетсе тіршілік,
Мен жатам терең күрсініп,
Шыңында тұрып қиялдың,
Арманға тәтті тұншығып.

Табылар өмір нәрі әннен,
Үміттің шамын жағам мен.
Шабыттан тамған тамшының
Сәулесі болып қалам мен.

Қарашаның 13-і, 2000 жыл.

* * *

Өмірім текке өтпесін деп,
Бақытым шет кетпесін деп,
Қайғыны беттепесін деп
Өлең жазам.

Болашақ нұрлы болсын деп,
Әр күнім жырлы болсын деп,
Жүректер сырды ұғынсын деп
Өлең жазам.

Қазынам өлеңімде деп,
Адаспай келемін бе деп,
Ұрпаққа берерім де деп
Өлең жазам.

Ақынның жалғасымын деп,
Шабыттың арнасымын деп,
Сезімді жалғасын үн деп
Өлең жазам.

Шығатын заңғарым — осы,
Жетелер арманым — осы,
Өмірден алғаным — осы
Өлең ғана.

Қарашаның 21-і, 2003 жыл.



Ақын деген –
өнердің бәйгесінде сәйгүлік,
Мәресіне жетпейтін
баяу желіп, жай жүріп.
Өз қолымен біртуар
Құлагерін жоғалтып,
Санын соғып қалатын
қалың елі қайғырып.

Ақын деген – жарқ еткен
келте ғұмыр, жасын ғой,
От тұтанып тілінен,
үзілмейтін басында ой.
Ет жүрегі елжіреп, елім десе езілген
Өр халқымның ұлдары –
Махамбет пен Қасым ғой.

Ақын деген – қыран ғой
сүйген шыңын ақ таудың,
Бөтен оған менмендік,
оған тіпті жаттау мұң.
Қияда оның мекені, қияда оның қазасы,
Ал биікке сыйымсыз
даттаудың не мақтаудың.

Ақын деген — от, білем,
кеудесіне шоқ көмген,
Жалын болып шарпиды
көмейіне кептелген.
Бұл ғұмырда лапылдаپ
жанып өту жақсы ғой,
Тірлігінде бірде-бір тұтана
алмай кеткеннен.

Ақын деген мұра деп
айтам тағы тосылмай,
Жүргіңе жол тауып
сыр шертеді досындаі.
Тірлігінде тағдырын
не десендер, о деңдер,
Ақын деген таусылмас
қазынаң бар осындаі.

Қарашаның 17-сі, 2003 жыл.

КӨШЕДЕ

Топ адамның ішінде сенделемін,
Кесіп өттім көшениң көлденеңін.
Қиялымда арманың асыл жырын
Тұлпарына үміттің өңгеремін.

Тізбектеліп ойыма келеді өлең,
Шабытымның ырқына көне берем.
Айтысамын өзіммен-өзім болып,
Қысыламын көшеде неменеден.

Мейлі көрген адамдар жынды десін,
Асыл жаным жадырап шын күлесін.
Көкейіме жыр жолы оралғанда
Күн көңілім онсыз-ақ гүл білесін.

Шабыт қысып көшеде жүріп келем,
Жаңа өлеңге қол созып үміттенем.
Жырға толы жүрегім жарылардай
Бара жатыр шымырлап тұнып денем.

Қыркүйектің 15-сі, 1992 жыл.

СЕН МЕНІ ТҮСІН

Сен мені түсін.

Түсінбей қалып жүрме сен.

Білесің оны, өлеңсіз қалай күн кешем.

Білгенге терең өмірдің өзі өлең ғой,

Өлеңсіз, бәлкім, өмірдің мәнін білмес ем.

Өлеңнен көрем сезімнің албырт сәттерін,

Өлеңнен табам арманның асқақ бақ-төрін.

Бақытым менің тұргандай өнер көгінде,

Бағыма мені жеткізер өзің бол көрін.

Сен мені түсін.

Түсіну — сенің парызың.

Қағазда жатыр жақсылы-жаман әр ізім.

Болымсыз нәрсе мен үшін таудай көрініп,

Болмашы нәрсе қинайды мені таң ұзын.

Сен мені түсін.

Басқалар қайдан түсінсін,

Тағдырым мейлі көңілге кірбің түсірсін.

Әйтеуір менің өлеңге құмар жүрегім

Мәпелеп, баптап,

жыр құсын биік ұшырсын.

Қазанның 19-ы, 2000 жыл.

БАҚЫТ ДЕГЕН...

Бақыт деген не өзі?
Бақыт деген...
Тауқыметін тағдырдың татып келем.
Жеткізбейді бақыттың көкжиегі,
Күнделікті тірлікке батып кемем.

Бақыт дейді біреулер ақша, байлық,
Берсін дейді біреулер асқа байлық.
Бала дейді бақытты баласыздар,
Үй болудан қашады жастар айнып.

Бақыт деген көзіңе көріне ме,
Махаббаттан іздейміз тебірене.
Бақыт деген шығу ма сүйретіліп,
Қызметтің өріне, төріне де.

Кенелгіміз келеді мол бақытқа,
Мейірімге жатса да тоң қатып та.
Тіршілікте пендеге не жетпесе,
Ұқсайды екен, о, тоба, сол бақытқа.

Ал мен үшін бақыттым — тәтті өлеңім,
Тәтті өлеңнен бармақтай бақ көремін.
Мүмкін емес сияқты адасуы
Бақыттыма бастаған ақ кеменің.

Соуірдің 7-сі, 2001жыл.

ТҮН

Тұн. Отырмын сезімге ерік беріп,
Бір құдірет лап етті төніп келіп.
Саз-сағыныш жүректіелжіретіп,
Керуенімен уақыттың келіпті еріп.

Тұн. Барамын ойлардың жетегінде,
Селт етпеймін беймәлім бөтен үнге.
Махаббаттың мәңгілік әнін шырқап,
Киялымға, білмеймін, жетемін бе.

Тұн тәттімді қоймайды ұрлағанын,
Сондықтан да ашпаймын сыр қамалын.
Байқаусызыда жоғалтып алам ба деп,
Айналдыра қоямын жырға бәрін.

Қанұтар, 2005 жыл.



Өмір – бәйге.

Шындық деген – Құлагер,
Оған күә зарлы заман, құба бел.
Қара бүркіт жұдырықтай бұлбұлды
Қанатымен қағатынын ұғады ел.

Ақандар аз шындық үшін күресер,
Ұрпақ келіп, мейлі қанша ұл өсер.
Көзінді ашып айналаңа қараши,
Батыраштың ізбасары кіл есер.

Шын жанашыр еді нағыз Күреңбай,
Күреңбай да мына өмірден жүр оңбай.
Әдейілеп жауыздықтың қақпаны
Жатып алды жолына кеп жыландай.

Ізі бар тек, өзі кеткен шындықтың,
Ордасы көп жала менен сүмдықтың.
Билік пенен күштіліктің ауылын
Жағалап жүр күні үшін Бірлік сүм.

Қолы қысқа кедейліктің қайда да,
Жағымпаздық жеткізіп жүр Айға да.
Бас бәйгені інде жатып аласың,
Алып, беріп жарай жүрсөң пайдага.

Өмір — бәйге.
Шындық деген — Құлагер.
Оған куә зарлы заман, құба бел.
Құлагерге мінсем дейтін Ыбанның,
Эттең, тілі жоқ екенін үфады ел.

Наурыздың 25-сі, 2001 жыл.



Білсендер ғой.
Мына өмірден шаршадым.
Жендең ақыры қаумалаған барша мұң.
Ертеңіме қызықпаймын.
Тек қана тыныштыққа
аландайды аңсарым.

Көңіл қалды.
Күдер үздім үміттен,
Кездерім көп қараған да күдікпен.
Өмір деген үқтый өлең емесін,
Алданыппын арман қуып жүріп мен.

Арман-арман.
Арман арбап жырақ жүр,
Беймәлімдеу кімді, нені сынап жүр.
Ал үмітім шырақ алып соңында
Ағыл-тегіл өлі күнге жылап жүр.

Мен аңсаған бақыт тіпті жоқ маган,
Қарсы келер тағдырыма жоқ шарам.
Ашынғанда ашуыма от қойып,
Өз отыма өртенуге шақ қалам.

Мамыр, 2003 жыл.

• • •

Бұғін менің көңілім алабөтен,
Іздейтіндей тірліктен дара мекен.
Адам қашан аңсаған ақ арманын
Қиялының төрінен табады екен?

Ақ сағымға айналар үміт неге?
Бақыт неге салмайды күліп келе?
Ар өлшемі – адалдық, адамдыққа
Неге адамдар қарайды күдіктене?

Сенім неге сарқылған санамыздан?
Өсек неге алады жағамыздан?
Шындық қалай көрмейді ақ-қараны?
Осыны ойлап көңілім алағызыған.

Күй кешемін шаттықтың шырқын бұзып,
Күрсінемін кеудемде күлкім бұғып.
Тірлік пе, әлде тағдыр ма, түсінбеймін,
Жіберді ғой адамды бір түрлі ғып.

Ақланның 28-i, 1999 жыл.

ҚАЙРАУ

Қайрайын өзімді-өзім,
Жігерім, көз ілмегін.
Сырымның қаламаймын
Көзімнен сезілгенін.

Тоқтарым – төзім менің,
Жүрегім езілмегін.
Мәңгілік бал татыған,
Суалма, сезім-көлім.

Еңкейме, еңсем менің,
Сабырым, теңселмегін.
Ақылым, абыройым,
Жырыма болшы өрнегім.

Куат бол, асыл әнім,
Ақиқат – бас үрарым.
Тек қана арманым
Тағатсыз асығамын.

Ақпанның 13-i, 2004 жыл.

* * *

Жақсылар үшін мына өмір
Ғұмыры қысқа, біле біл.
Мәресін ойлап жетпеген,
Өкіне тұра шын егіл.

Жақсылар үшін тіршілік —
Аз ғұмыр кешкен бір шыбық.
Жемісін күткен көре алмай,
Қаласың терең күрсініп.

Жақсылар үшін бұл ғалам
Тұрмайды ұзак тыңдал ән.
Сағымның мініп тұлпарын,
Бір күні қолын бұлғаған.

Толғағы аңы тұрмыста
Шындықты айту қылмыс па?
Өмірден менің түйгенім —
«Жақсының күні тым қысқа».

Желтоқсан, 2002 жыл.

* * *

Өмір деген секілді
диірменнің тасындей,
Біреу жүрсе бақ тілеп,
біреулер бар қасымдай.
Найзагайдай жарқ етіп
кейде шығам серпіліп,
Жауатұғын күндей боп
кейде журем ашылмай.

Қуаныш пен қайғының
алмасуы жиірек,
Көңілімнің жабырқап
мұңаятын күйі көп.
Үсті-үстіне төпелеп
азап күндер келсе де,
Қабылдаймын тағдырдың
лайықты сыйы деп.

Мынау құнсыз тірліктен
сәтсіздікті көп көрем,
Аяғымнан шалатын
жауыздықты жоқ деп ем...
Ұлы жолдан шындықтың
ауылына бастайтын
Орап жатқан көмкеріп
қып-қызыл бір шоқ көрем.

Жай таппайтын сэттерім —
бұлқынбаған жырларым,
Жүргімнің оятам
бесіктегі мұнды әнін.
Жетелеген арманның
асқарынан адасып,
Үзілмеген үміттің үкілі әнін тыңдадым.

Бұйырмаған өзіме
аңсамаймын олжаны,
Байытамын жанымды
қазынаммен қолдағы,
Өмірімді өлеңнің асылымен өрнектеп,
Өз орнымды адаспай
тауып алсам болғаны.

Сәуір, 2002 жыл.

ОТЫЗҒА КЕЛДІМ

(Мұқагалиша)

Ақылдың бағып қабағын,
Әніне салып сананың,
Аялап үл мен қызыымды,
Отызға келдім, қарағым.

Шыдамды серік, дос көрдім,
Өмірдің мәнін ескердім.
Артыңда қалып асылың,
Отызым, төрлет, қош келдің!

Кешірім етіп кішіге,
Сүйінем үлкен ісіне.
Ұяла қарап он сегіз,
Кіреді кейде түсіме.

Сырласпай қайың, тал бүгін,
Айтпайды ғашықтар жырын.
Қарайлай туған-бауырға,
Сен келдің, отыз — тағдырым.

Аңсатып жастық елесін,
Несіне қинай бересің.
Ендігі бақыт, бағыма
Өзің бол, отыз, төрешім.

Кеудеме көмген мол тәттім —
Куәсі келмес сол шақтың.
Ыңғала басып, отызым,
Мойныма тақтың моншак-мұн.

Шілденің 21-і, 2002 жыл.

* * *

Алып шындар!
Ұлысың, алыпсындар,
Көзім тіксем кеудемнен ән үшқындар.
Сыр бермейін дегендей демің жұтып,
Аяқ асты томсара қалыпсындар.

Жүргегімнің үгар ма ең ән атасын,
Жаз көнілді өзіңе қаратасың.
Гүлің болсам деп едім жарып шыққан
Сені басқан кеуденің қара тасын.

Мейлі үндеңе, қазына сырныңды үтам,
Құмарлығым артады бұрынғыдан.
Биігіңе ғашық бол, биіктікті
Өзгелерге жырыммен үғындырам.

Сәуірдің 8-і, 1993 жыл.

* * *

Тауды аңсаймын,
Биігін, шоқыларын,
Көкейіме көп одан тоқығаным.
Ақ шыңына ұздігіп телміретін,
Жанарымнан қадалған оқы бәрін.

Тауда өстім, есейдім тағы сынды,
Самалынан үйрендім қауышуды.
Жақсы көрем шық кешіп жалаң аяқ,
Атқа мініп жеменен жарысады.

Ізім жатқан жағаңда қаншама мың,
Бір ішсем деп бұлактан тамсанамын.
Шапқылаған бүйра жал өзенінің
Соңында жүр жыр болып аңсаған үн.

Сағынышым ып-ыстық от қой менің,
Ой жеткенмен жатады жетпей дерім.
Ескерусіз қалдырған бір тасында
Желбірейді бал дәурен көк көйлегім.

Кім терді екен қызыл шоқ гүлдерінді,
Соны ойласам көңілім мұлде мұңды.
Арманым жоқ бір шарлап сайларыңды,
Өле кетсем құшақтап бір беліңді.

Тамыздаң 22-сі, 2003 жыл.

* * *

Әуелеп ән-күй қанатын көкке қаққанда,
Толқындаі толқып жаңым
бір тыным тапқан ба?

Билеп-ақ кеткім келеді самал жемленен,
Жазғы бір әсем бақтарда.

Кейлек қып киіп шапағын таңның шуақты,
Аймалап құшсам көк майса
шалғын құрақты.

Қос бұрым болып ойнаса деймін белімде
Жарысып аққан бұлақты.

Жыр деген ерке құстарым күміс қанатты,
Сәнімен сазды баураған арман алапты.
Қандай күш мені ән-күйдің құдіретіне
Ғашық қып сонша жаратты?

Қазанның 17-сі, 1992 жыл.

КӨКТЕМ

Жаңарған өлке.
Көкпеңбек желек.
Жанымға нұрын төккендей кенет.
Жүректі тербел сағыныш-сиқыр,
Көңілді бір сәт кеткендей елең.

Жайнады далам гүлдері билеп,
Еркелей берді құшаққа жи деп.
Мендеңі тұңғыш гүл-сезім көктем
Жазына қарай барады сүйреп.

Көктемді күтіп жүр едім көптен,
Табиғат, бақыт тіледің неткен!
Жайқалам гүл бол, құлпырам мен де,
Жыр тұнған менің жүрегім — көктем.

Наурыздың 11-i, 1993 жыл.

ЖҮРЕГІМ БАР...

Достарым бар, қуансам, қуанатын,
Жұбатсам, жұбанатын,
Көгершін тілегімді
Өзімдей құп алатын.

Арманым бар сағымдай жеткізбейтін,
Елестей өпкізбейтін,
Жыр толы жүрегімді
Дәрменсіз, отсыз дейтін.

Мақсатым бар шыңыма қонсам деген,
Ұлы ұстаз болсам деген,
Тағдырдың ызғарына
Шалынып, тоңсам да мен.

Жырларым бар қырандай қалықтаған,
Осадық танытпаған,
Бақыттың мекенине
Үмітін бағыттаған.

Жүрегім бар намыстан жарылардай,
Шындықпен танылардай.
Іздеуден ақиқатты
Жүр бірақ арыла алмай.

Қазанның 18-i, 1992 жыл.

• • •

Мені, жарым, Күн дегенің —
Көнілімді ұққаның.
Қолым жетпес шың дегенің —
Арманымды ұққаның.

Қызғалдақтай гүл дегенің —
Нұр жанымды ұққаның.
Сенің жалғыз «жүр» дегенің —
Асқарыма шыққаным.

«Жанарындан мұң көремін», —
Деме бірақ, өтінем.
Қамшы сапты бұл ғұмырда
Мұңаймауға бекіп ем.

2000 жыл.

* * *

Ойыншыққа таласқан бала сынды
Қоя алмадым сенімен таласымды.
Көңіліме жақпаса кей істерің,
Бәйек таппай жаным да аласұрды.

Түсінбей де жатасың өлеңімді,
Тіпті ондайда білмеймін не дерімді.
Тағдырыңа осынау сен ырзасың,
Таба алмаймын мен болсам керегімді.

Міне, осылай таласым басталады,
Ыза кернеп, көзімнен жас тамады.
Кешірмеймін жырымды түсінбесен,
Келтірмейді қындық басқалары.

Мейірімді ондайда сарқып қалам,
Алдай салсаң қайтеді.
Шалқып қалам.
Мені сүйсен, көнесің азабыма,
Өлең – өмір бәрінен артық маған.

Шілде, 2003 жыл.

ҚАРАША

Ұлпадай мамық жаныма
Тағдырдың сыйы батқандай.
Бақыттым күткен сағына
Алыстап бара жатқандай.

Сезіммен жүрмін арбасып,
Жырларым түсіп араша.
Шаттық пен мұным алмасып,
Тағы да келді қараша.

Кездестім көніл күзіне,
Көзімнің жасы тыйылмай.
Үмітпен күткен үзіле
Бармақтай бағым бүйірғай.

Төзімнен мезі болғандай
Сағыныш гүлі солыпты-ау.
Арманға барап жол қандай,
Мен үшін өлім – жолықпау.

Көрсетіп маған тым қысым,
Барады көніл қайда алыш.
Жалғыз-ақ қимай жыр-құсым
Кете алмай жүрді айналып.

Тағдырмен қойман таласа,
Беремін жеңіс тізгінін.
Сыр аштым саған, қараша,
Түсінер дейсің бізді кім.

Қараша, 2003 жыл.

* * *

Қалай-қалай өзгереді бұл әлем,
Түсіне алмай жүрмін бе әлде мына мен.
Ұстапайды тіршіліктің тізгіні,
 Тағдырымды бір арнаға бұрап ем.

Тұлкі бұлан үміт арбап әр күні,
Жүргегімді өкініш-өрт шарпыды.
Арманымды шолып қана қайтамын,
 Маған серік қиял-құсым арқылы.

Жақындаатты қайғысын да, мұңын да,
Сырт қараушы ем азап деген ұғымға.
Дүниенің дәл мен үшін оң-солы
 Бірдей болып кеткендей ме шынында.

Үзілмеген үмітімнің тәтті үнін
 Неге ғана естімейді шаттығым.
 Өзім жазған өлеңдердің кей кезде
 Танымай да қалып жүрмін авторын.

Ақпанның 14-i, 2004 жыл.

* * *

Шаршадым, балам!
Шаршадым мынау тірліктен,
Суалды санам
Езілді еңсем мұн-жүктен.
Несіне сенен сырымды
қалам жасырып,
Бұл күнде жүрмін жігерім
құм боп, жұнжіп мен.

Қамықтым кейде реңсіз атып
әр таңым,
Салмайды көніл жастықтың
іңкәр мәрт әнін,
Жабыққан сәттің жанаңға
сіңген бояуын
Тағдырға ғана артамын.

Сен жайлы ғана ойларым
алға жетелер,
Бір ауыз сенің сөзің-ақ мені етеді өр.
Балаға деген ананың тәтті тілегін,
Тәңірім, қабыл ете гөр!
Тәңірім, қабыл ете гөр!

Ақпан, 2004 жыл.

АРМАН

Тағдырыма айтылар өкпем де көп,
Арманға да түске еніп кеткен кенет.
Өкіндіріп өкініш өткен бөлек,
Ойламаған бақытқа жеткен бөлек.

Әркімнің өз мұңзы бар, тәтті арманы
Жылап-жылап алатын шақтардағы.
Бара жатыр кеудемде тасқа айналып
Өзім татқан уымның қатпарлары.

Ой келеді басыма жиі бөтен,
Қу тірліктің бұлыңғыр күйі ме екен.
Үмітің бар алдағы арманыңа,
Артта қалған арманың қын екен.

Қайта оралып кейінге қиялдайсың,
Тәттілерін өткеннің жия алмайсың.
Егер келсе өмірің өзгертуге,
Бақытынды қолыңдан құярдайсың.

Жырым осы өкпешіл танытты ойды,
Көре алмадым өз басым, анық тойды.
Бір арманым өзімді шығарып сап,
Қолын бұлғап соңымда қалып қойды.

Наурыздың 12-сі, 2001 жыл.

* * *

Дәрменсізбін алдыңда тағдырымның,
Сан құладым, сүріндім, сан бүліндім.
Көңілімнің айнасын мұң торлады,
Ілесе алмай сазына ән-ғұмырдың.

Қарсы алмады ойымды шаттық алдан,
Орамалын бұлғады аққу-арман.
Сырларымды бөлісіп тұн баласы,
Өз қолыммен у таттым тәтті балдан.

Ұя салып санама қиял қарық,
Қалып жүрмін үміттен жиі алданып.
Ерітіп ап қайғының жалынына,
Іздеп жүрмін өзімді құяр қалып.

Желтоқсан, 2002 жыл.

ТАҒДЫР

Мен жыладым.
Зар жыладым, өксідім,
Байғұс жүрек аласұрып кешті мұн.
Тіршілік те сезе алмады-ау жанымды,
Жанашыр боп қата алмады-ау ешкім үн.

Мен өкіндім.
Өз отыма өртендім.
Азабымды жырғып желге шертем мың.
Қуана алмай қалам ба деп қорқамын,
Шын туғанда бар қайғыны серпер күн.

Ей, тағдырым!
Сырым аян өткерген
Өмір деген бақыт екен деп келгем...
Адам, сірә, бар ма екен, білмеймін,
Мендей сені жек көрген.

Тамыздың 22-сы, 2003 жыл.

• • •

Қараши.

Жанарымда мұң бар ма екен,
Өкініп, өксіп өткен жылдарға тең.
Арманиң сәулесінен мөлдіреген
Қаншалық сен танитын сыр қалды екен.

Қараши ақ қырауға шашымдағы,
Алдынан күнім күліп ашылмады.
Шашымның әрбір талы әр күн болып,
Жанымның жапа шегіп «аћ» ұрганы.

Мән беріп тағдырыма қараши бір,
Айқастым, ырылдастым.
Таласы – жыр.
Баянсыз, бақсыз кешкен ғұмырым мен
Бұл күнгі мың жырымның бағасы бір.

Шілденің 15-і, 2003 жыл.



Жыла тағы.
Жылай түс.
Жыла, жүрек.
Қайтем аңсан бақытты тұрагы жоқ.
Өткенімді ақылмен сараласам,
Бұрыс кеткен кезім бар бір-ақ рет.

Бір қатеден қашама у іштім мен,
Өрт жайлады ішімді.
Куыс кеудем.
Құрай алмай құм болған жігерімді,
Сыр бермеуге дүшпанға тырыстым мен.

Көк тұманы көнілдің сүйылмады,
Ғайып болды арманым қыырдағы.
Қилы-қилы тағдырдың арасынан
Осы шығар Тәңірдің бұйырғаны.

Бір-ақ қате – тұздығы өмірімнің,
Тұземек боп қатемді көп үнілдім.
Ұстараның жүзіндей бұл ғұмырда
Бал татитын бақыт жоқ.
Соны ұғындым.

Шілденің 21-i, 2003 жыл.

Ушінші белім

АРНАДЫМ САҒАН....



ҚЫЗДАРҒА

Қыздарды теңеп гүлдерге,
Мақтана жырлап жүр ағам.
Шаттанып олар жүргенде
Толқымай қалай тұра алам.

Айға да теңеп біздерді,
Балап та сонау жұлдызға.
Көркейтіп шексіз тұз, белді
Шыныменен-ақ тұрмыз ба?

Қыздарды көрсем мен бүгін,
Жаным тым қатты қиналар.
Тарылып сонда кең ғалам,
Жүрегім мұңға шырмалар.

Талғамай ішіп шарапты,
Мұншама қайда барасын?
Темекің көпті қаратты,
Қоздырып ашу жарасын.

Шаштарың қайда демеді,
Беліңе түскен өріліп.
Көйлектің қайда дерегі,
Тізенді жапқан төгіліп.

Басқасы емес, ар қайда,
Бетінде тұрган шуақ бол.

Қалды ма ұят шалғайда,
Жаныңа келген қуат бол.

Тілің де кетті түрленіп,
Қасиет қалып құздарда.
Жасанды, бөлек түрге еніп
Керегі жоқ-ау қыздарға.

Өртенбек түгіл жалынға,
Біздерді көрген азамат
Бүгінгі өмір таңында
Табанға тастар табалап.

Гүл емес, күл бол барамыз,
Арзандап кетті бағамыз.
Төмендеп кетті санамыз,
Кінәні кімнен табамыз?

Ақылмен екшеп қарандар,
Дұрысын айтшы, адамдар!

Қарашаның 6-сы, 1991 жыл.

ЖІГІТТЕРГЕ

Қадамыңды тұғанда сынап таңдар,
Абыройдың ақ туын құлатпаңдар.
Ей, жігіттер, сендерге айтарым — сол,
Еркелесін, қыздарды жылатпаңдар.

Болмайды деп қызықтан жырақтауға,
Бола ма әсте мезгілсіз мін аттауға.
Өндім десең ананың ақ сүтінен,
Тиіссіндер қыздарды жылатпауға.

Үміттенсең бақыттың олжасынан,
Ашуланба, оталма болмашыдан.
Кыз дегенің — үрпақ қой, үрпагыңың
Корқу керек әрдайым көз жасынан.

Әр тағдырың қалаймын гүл атқанын,
Жетпесе еken құлаққа жұбатқан үн.
Ал, жігітім, жылатсан қыз ғұмырын,
Өміріңді өзіңнің жылатқаның.

Қазанның 26-сы, 2002 жыл.

ЖҰБАЙЛАРҒА ТІЛЕК

Жас жұбайлар!
Құтты болсын тойларың!
Орындалсын тәтті, шырын ойларың.
Шыңға біткен қос бәйтерек секілді
Арманыңның асқарына бойлағын.

Махаббаттың тербетіңдер бесігін,
Бірге ашындар бал бақыттың есігін.
Пәк сезімді алақанда аялап,
Бір-біріңе жасай білгін кешірім.

Айырмасын күлкісінен бөбектің,
Бұл өмірден қайғы-мұңсыз бол өткін.
Махаббаттың айдынында жарасып,
Құшақтарың жазылmasын демекпін.

Қыркүйектің 20-ы, 2001 жыл.

АНА ТІЛЕГІ

Aйданага

Боялып Күн нұрына тұлымшағын,
Аттадың ақ орданы, құлыншағым.
Білімнің қанып ішіп кәусарынан,
Әрқашан адалдықтың үнін сағын.

Жарасып тал бойыңа балалығын,
Кеудене ізгіліктің қада гүлін.
Жүргі қуаныштан жарылардай
Арнайды тілек етіп ана жырын.

Кішкентай ғана менің мақтанышым,
Басыңа бақыт қонып, бақ дарысын.
«Қазақ» деп соғатұғын жүрек керек,
Ұлтыңың болашағын сақтау үшін.

Жетелеп бақтыңа алып келдім,
Аш, ботам, ақ парагын әліппеңнің.
Жаныңды жақсылыққа жалау етіп,
Ғажайып аспанында қалықта елдің.

Қыркүйектің 1-i, 2003 жыл.

ДУМАНҒА

Құлыным менің, құнарлы,
құнды жырым — сен,
Жұбаныш табам күлкінен сенің,
түңілсем.

Арман мен үміт қаттаулы
жатыр кеудемде,
Көресің, балам, жырыма терең үңілсен.

Өсірем сені саялы, нұрлы бағым деп,
Сен үшін жүрмін тіршілік қылыш,
жаным жеп.

Арманым — осы, азамат болсаң болғаны
Тұратын әр кез ел менен намыс, арым деп.

Жүрекке жетер қылышың жылы шуақ боп,
Жүтіріп жүрсең көңілім менің тым-ақ тоқ.
Өлеңім саған бақытты сыйға тартса екен,
Жаныңа жырым жүрсе екен
жолдас, қуат боп.

Қазанның 15-i, 2000 жыл.

ӘЖЕ

Немеренді ойлап күрсінбе, әже,
Жолымды күтіп жүрсің бе, әже?
Келмейді сенсіз үйқым да менің,
Келмейді сенсіз күлкім де, әже.

Төсінен сүйіп еркелеп те едім,
Ар-намысынды желкен ет дедің.
Куаныш-тойға ұнаушы еді
Қолымнан жүр деп ерте кеткенің.

Суынды іштім тұнықтан, әже,
Сырымды сендей кім ұққан, әже.
Арқалап бақтың, табаным жерге
Тимеген күнді ұмытпан, әже.

Сағындым шашым өргенің, әже,
Шалдығып, шаршай көрмегін, әже.
Өзің айтатын астарлы сөздің
Жырымнан көргін өрнегін, әже.

Шілденің 18-і, 1993 жыл.

ЖҰБАНЫШ

Күнім боп, ана, аймала,
Тірліктің күйін ұмыттыр.
Бақытын аңсап қайда да
Үздігіп іңкәр үміт жүр.

Айым боп күзет түнімді,
Шаттыққа бөле.
Шуақты ет.
Ақтарам саған сырымды,
Алдыңа тағы жылап кеп.

Жұлдызым туса тым жарық,
Болмайды менде үрей шын.
Жанарың жасқа дымданып,
Бағымды іштей тілейсің.

Қасыңа келсем жұбанам,
Қалады жасым іркіліп.
Ертегі сынды бұғалам
Кетеді қайта құлпырып.

2003 жыл.

АНА

Анашым менің, анашым,
Айбыным сенсің дара шың.
Мерейім үстем өзіңмен,
Бақытым тапқан жарасым.

Жанында жүрсем мұң жатым,
Қадірі шексіз, қымбатым.
Егіз бе деймін Ай, Жұлдыз,
Лайық ана Күнге атың.

Алыстай кетсем қасынан,
Жанарың жасын жасырған.
Өзінді маған ой жалғап,
Сағынам сені, асыл жан.

Тарқамасын деп шаттығым,
Ұсынам жырдың ақ гүлін.
Өзіңде ғана сыр ашып,
Басамын көңіл аптығын.

Жанымның сенсің базары,
Бағымның сенсің ажары.
Анашым, саган жетпейді-ау
Ғаламның барлық ғажабы.

Соғады сен деп тамырым,
Өмірді сен деп таныдым.
Жүргегін жайған жолыма
Өзіңсің, ана, Тәнірім.

Қазанның 26-сы, 2002 жыл.

ӘКЕ ТІЛЕГІ

Қызғалдағым, қызыым-ау,
Тұла бойы тұңғышым!
Азабы көп ақынның
Биік ұшыр жыр құсын.
Тұн ішінде жыр жазып,
Жүрекіңмен әлексің.
Бақытың мен бағынды
Жырдан іздең журмісің?

Уміт артып өзіңе,
Қыраным деп баптадым.
Мен жетпеген биіктің
Аңсап журмін ақ таңын.
«Ақын болам, көке», — деп,
Еркелейсің құлыным,
Мақсатыңың төрінен
Бақытыңың тат дәмін.

Шығар болсаң биікке,
Шыққандығым менің де.
Бой тасалап ауырдан,
Әуес болма жеңілге.
Талабыңа сенгін де,
Құзар шынды көздегін,
Құба жонмен таласқан
Төбелерден көрінбе.

Қызғалдағым, қызыым-ау,
Тұла бойы тұңғышым!
Азабы көп ақынның,
Биік үшыр жыр құсын.
Тұн ішінде жыр жазып,
Жүргегіңмен әлексің.
Арманыңа жет, балам!
Мекен болсын нұрлы шың.

1991 жыл.

АЙЫРЫЛУ

Торлаған келіп қап-қара бұлттай аспанды,
Мен ойламаған әкесіз күндер басталды.
Сүйеніш тұтқан айбынды асқар тауым ең,
Айырылдым білем,
көзімнен ағып жас қалды.

Елес бол қалды шуақты, нұрлы келбетің,
Аңырап қалған ботаңмын, әке, мен жетім.
Қолымнан келсе сәулесі болып түсер ем,
Нұр төгер болса, жол тауып егер көрге Күн.

Жарыққа шыққан
кейіпкері едің жырымның,

Мәпелеп баққан алғашқы, әке, гүліңмін.
Көрмеген еді өзегімді өртеп сағыныш,
Қайғының, міне, торына мықтап іліндім.

Қойғандай, тіпті, үмітімді үзіп гүлзар бақ,
Жазамын енді жырымды, әке, кімге ариап.
Өзіңсіз өткен күндерім менің опасыз,
Сені ойлап, жылап жазылған маған
жырлар жат.

Білмеген екем. Қатыгез екен бұл әлем,
Жүрегім менің жарылар болып тұр әрең.
Қайғыдан адам өлмейді деген рас-ау,
Ал өлер болса, өлер-ақ едім мына мен.

Қыркүйектің 14-і, 1999 жыл.

* * *

Жас едің, әке,
Бәйтерегім ең... Құладың.
Саяңды аңсал, мұңайып ақты бұлағың.
Көлденең көздең, үп еткен
желден жасқанып,
Панаңыз қалған қарайды бала-құрагың.

Құлазып көңіл сени іздеп жүр-ау, үғамын,
Көзімнен тамған моншағым
жыр боп жыладым.
Кернеген шақта кеудемді сазды сағыныш,
Елесің – дәру.
Жұбаныш тауып тынамын.

Табамын қайдан?
Амалым жоқ-ау, амалым...
Сен үшін жырым, сен үшін, әке, бар әнім.
Ғұмырым жетсе, жыр деген жұмақ әлемге
Түбінде сениң атыңды жазып барамын.

Наурыздың 25-i, 2001 жыл.

САҒЫНЫШ

Сағындым, әке!
Сағынып сені сарғайдым,
Сарқылып жатыр кеудеме
келіп бар қайғым.
Сарғайып атқан секілді менің таңдарым,
Сұрықсыз анау қалқиған
жансыз жардаймын.

Сағынған сайын көңілім,
шіркін, текке алаң,
Сэттерде сондай жоқтығынды
ойлап тоқталам.
Сағымның сынып жүргенін,
әттең, білмейсің,
Сағыну ғана, өзге үлес одан жоқ маған.

Сағындым, әке!
Сарғайды сенің елесің.
Сағыммен бірге тіршілік етіп келесің.
Сағыныш болып өмірде сенің қалды ізің,
Сағыныш болып жырыма менің енесің.

Қыркүйектің 13-і, 2001 жыл.

ҚАБІР БАСЫНДА

Тірліктің қайтем сөз қылып
шыңын, адырын,
Таптырмай кетіп, өтті ғой, әке, қадірің.
Өзің бол менің мұңымға құлақ асатын
Жанымға жақын көретін жалғыз қабірің.

Сипаймын келіп мүрдеңнің әрбір кірпішін,
Тылсым күш емдең жазардай
көңіл қыртысын.
Шаршаған шақта тас-талқан еткім келеді,
Ақылдан асып, шыдамның
шымыр құлпысын.

Не дейсің, әке?
Қолдар ма ең ісін балаңның?
Өтуде жылдар, өтуде зырлап сараң күн.
Аңсарым ауган арманнан қалды көңілім,
Тұсалып мұнға, мазасыз ойға талаңдым.

Сүйеніш болар алдында менің аға жоқ,
Қалмайын деймін дүшпанға,
досқа таба бол.
Орынды ойға үмітім жетпей жүрсе де,
Соңыма, әке, жүрейін деймін пана бол.

Азап пен мұндан арылар, әке, бар ма күн,
Оралса деймін жеткізбей

жүрген арманым.

Сеземін менің алдымда атар таң барын,
Білмеймін, әке, қалғанын.

Тамыздың 31-i, 2002 жыл.

ЖАРЫМА

Еркелет мені баладай,
Қолыңнан келсе, жан жарым.
Жоғыңа келем қарамай,
Сезсем де тағдыр салмағын.

Әмірден алған үлесім –
Жарыма болдым сүйікті.
Сол сезім қанша, білесің,
Келеді жеңіп күйікті.

Біреулер жатса ойланбай,
Бақытқа батып белшеден,
Тойымыз қалды тойланбай,
Дәмете күткен ел сенен.

Әмірдің онсыз мәні не,
Ойладық қамын баланың.
Ілесіп көптің әніне,
Соңынан кетіп барамын.

Бағытым менің – адамдық,
Мақсатым еді биік шың.
Көрмейін ешбір жамандық,
Жүрейін шалқып, сүйіктім.

Кеудемнен жарып жыр тузын,
Арманым қақсын қанатын.
Тұғырым гүлдей құлпырысын
Есімім мәңгі қалатын.

Қыркүйектің 15-сі, 2001 жыл.

ЖЕТИМ КӨҢІЛ

— Жылама, досым.
Несіне сонша жыладың?
Шаршадың білем, жылауға келмей тұр әлің.

Айтшы, Айнам, маған,
біреулер өкпелетті ме? —
деп, жылап жатқан досымнан
келіп сұрадым.

— Анашым, — деді қамығып,
терең күрсініп, —
Анашым енді түсіме бүтін шын құліп.
Жете алмай қалдым,
ғайып бол кетті тағы да,
Колымды соза жүгіріп едім ұмтылып.

Өмірде ажал қалдырыды мені анасыз,
Жанымды қинап күндерім өткен панаңыз.
Көңілге жетім үйдегі өгей шешемнің
Қарғысы қатты өңменнен өткен қара сыз.

Анадан асыл, анадан ұлы жан бар ма,
Тербеткен ұзақ ақ сүтін беріп тандарда.
Бақытсыз жанмын анасыз өткен арманда,
Көңілім орта опасыз мынау жалғанға.

Жетіммін, жаным,
мұң сіңген отсыз жанарым,
Балалық қашып, айтылмай кеткен бал әнім.

Анасыз өмір – жарығы сөнген тіршілік,
Өзінді, досым, бақытты жанға балағын.

Іздеймін әлі, үкілі үміт сөнбейді,
Қаңарлы тағдыр сұзына көнбе, көн мейлі.
Кеудемде бірақ анаға деген махабbat
Сөнбейді білем, сөнбейді, мәңгі сөнбейді.

Кетті ғой менен алыстап асыл жыр-әнім,
Қаралап кетті сәбидің көңіл бұлағын.
Екінші анам бөлгенде бізден баласын,
Ардақты, қамқор анамның орнын ұғамын.

Анаңның бары – бақыттың бары үйінде,
Бақыттым сөнген,
жабырқау тартқан күйім де.
Босаға ғана мелшиіп тілсіз түр әне,
Анамды көрге шығарып салған күйінде.

Жапанды жалғыз қалғандай болам аңырап,
Ойларға шомам, атпайды сонда таң ұзақ.
Көзімнен кетлей тұрады әр кез бұрышта
Анашым жатқан ақ мамық төсек қаңырап.

Суреті міне.
Ұқсай ма маған? – деді де,
Жылады тағы, өксіді ұзақ егіле.

— Ұқсайды екен... —
дедім мен ессіз күйімде,
Суретке жатты тамшылар кезек төгіле.

Қаңтардың 20-сы, 1993 жыл.

ҚАЙЫРШЫ АНАНЫҢ МОНОЛОГЫ

(Мен базардың жаңында қайыр сұрап
отырған бір ананы көрдім. Құшағындағы
жас баласына қарап күбірлеп сөйлеп
отыр. Ана жүрегінің қайғысын өзінен
басқа кім тұсінегі дейсің...)

Жылама, балам, жылама,
Тұртқілеп тамақ сұрама.
«Тоқ бала» сенің жайынды,
Мұнцынды және ұға ма?

Жоқшылық алды ноқталап,
Ашылған бір күн жоқ қабақ.
Іздеймін қоқыс жәшіктен
Қалдығын нанның көп қарап.

Алақан жайып халықтан
Сұраудан жоқпын жалыққан.
Тапқаным сенің аузында,
Тоймайсың артық қалыптан.

Ей, адам, берші құдайы,
Осы ғой тірлік ұдайы.
Бақытсыз жандар едік біз.
Қайыршыланған шынайы...

Заманның түгел есебі,
Бақыт күн қайда кешегі.
Арақпен жолдас бол жарым,
Маңдайым соры бес елі.

Құлыным үшін құлшынып,
Өлмеспін, етем тіршілік.
Ит жанды екен адамзат,
Ойлаймын терең күрсініп.

О, Тәңір!
Неткен сұсты едің,
Анаға жүріп үстемің.
Балаға деген махаббат,
Құдірет, қандай күшті едің.

Жылама, ботам, сөл шыда,
Дәл біздей мына жалшыға
Тастар-ау ұсақ тынын,
Жанашыр адам бар шығар.

Тағдырым менің шырғалаң,
Бағымды заман үрлаған.
Әлі де, балам, сен үшін
Дайындал «сыйын» тұр маған.

Ақылды менің, алтыным,
Анаңды ая, жарқыним.
Жылама!
Жаздай жадырап,
Күлетін сенің бар күнің.

Шілденің 10-ы, 1992 жыл.

ТҮС

Ф. Оңғарсыновага

Шын ақын болу қайда маған әлі,
Алыс қой жыр-мұхиттың жағалауы.
Түсімде сені жиі көрген сайын
Арманның үміт таңы ағарады.

Өлеңнің көк теңізін жүздім келіп,
Сезімнің гұлтұмарын үздім берік.
Шабыттың көз ілеспес тұлпарына
Мінгіздің қолыма әкеп тізгін беріп.

Қиялдың қия шыңы қашпай менен,
Сан сапар тағдырыма бастайды өлең.
Дүркіреп топ ішінде келіп журмін,
Қанжығам құр болғанмен бас бәйгеден.

Жырым мен арманымды тең ұшырдым,
Өнерден сеніміңмен төр ұсындың.
Мен сенем құдіретіне өлеңімнің,
Өзің тік желкен туын жеңісімнің.

Тамыздың 3-і, 1993 жыл.

АҚЫН АҒА

M. Мақатаевқа

Ақын аға!
Отырмын күйім келмей,
Жазғанымды мұсіркеп, бұйым көрмей.
Қасарысқан тағдырдың қас-қабағы
Маған ғана тас болып түйілгендей.

Ақын аға!
Жазбаған жырларым көп,
Бір жағым мұз, шарпыса бір жағым от.
Жүргегіме қатталып жатыр бәрі,
Оянбайтын мәңгілік мұндарым бол.

Ақын аға!
Айтпағым емес бұлар,
Көңілімнен кетпейтін көмескі бар.
Сен аңсаған ақиқат, асыл арман
Маған да, аға, бұл құнде елес бұлар.

Сынап сынды бермейін сезімге бой,
Тіршіліктің тірегі төзімде ғой.
Несіне мен жаныңды толқытайын,
Сенің де, аға, өз мұндың өзінде ғой.

Ерік берем бір ауық өкпеге де,
Қаламымды малмақпын кекке неге?
Демеу күткен кезімде жырларыңдан
Көп қараймын сен жатқан көк төбеге.

Мамырдың 27-і, 2003 жыл.

АРНАУ

(«Мәдениеттің қолдау» жылына арналады)

Шаттықпен есік ашып жаңа ғасыр,
Гүлденіп кірді міне даға шыр.
Бұл жылы Мәдениет көшті бастап,
Ушінші мыңжылдыққа бара жатыр.

О, елім!
Көтерілсін еңсөң бүгін,
Далаңның, төсіңе бас, терсөң гүлін.
Киелі домбыраның үні жетсе,
«Сарыжайлау»,
«Сарыарқа» бол теңсел бүгін.

Өнерді бағалайтын дана қауым,
Оларға керек емес паң атағың.
Тәттімбет, Құрманғазы, Дина деген –
Айбынды асқақтаған Алатауың.

Бабаңың айналмағай аты ермекке,
Атақты айтпаймын мен әпер деп те.
Нұргиса, Шәмшілердің құдіретін,
Халайық, туғып әр кез көтер көкке!

Жаппайды тарих беті шын асылды,
Қалайша ұмытарсың, Құләшінді.

Бибігүл, Роза болып болашаққа
Танылып, кеңге жайдың құлашынды.

Данышпан ақының бар Абай деген,
Тең еткен терезенді талайменен.
Ақынның ұлылығы сол болмай ма,
Ұлтынды таныта алса алайда өлең.

Биім де, көсемім сен едің, елім,
Айтыссам аққан судай төгілемін.
Сен тудың, дана халқым, рух беріп,
Біржан сал, Ақан сынды серілерің.

Самал бол сағыныштай тұрған есіп,
Қазынаң жетелі өскен ұлға несіп.
Жүргегің кіп-кішкентай, халқым, сенің
Гауһардай асыл, шырын жырға бесік.

Жанбасам жалын болып, қуарғаным,
Өнерге, өнегеге құмар жаным.
Орындау ата-баба өсиетін —
Бұл менің тірліктегі ұлы арманым.

Мамыр, 2000 жыл.

ДОМБЫРАМ

Күмбірлеткен кең даламды
қос ішекті домбырам,
Бейне сені бақ құсымдай
қолыма алып қондырам.
Жан тебірентер самал жедей сиқырлы,
әсем үніңнен
Ләzzат табам, сен сөйлесең,
сарқымайтын мол мұрам.

Сен сөйлесең, бабалардың
үні келер құлаққа,
Сен сөйлесең, күліп кетер
сыңғыр қағып бұлақ та.
Сен сөйлесең,
Құрманғазы күле кіріп, алдында
Күй шерткендей елестейді,
жүрсе дағы «жырақта».

Сен сөйлесең, Дина апам,
Тәттімбеттей ағамыз,
Домбырасын қолға алғандай
ұзақ тындал қаламыз.
Әміренің, Біржан салдың,
Ақан сері әндері
Жететіндей еміс-еміс құлақты
ұнсіз саламыз.

Жамбылдың да жан жолдасы
домбырасы емес пе,
Кеше ғана кешіп өткен
сұрапыл сол белесте.
Сара еді ғой теңсіздіктің
мұнын айтып зарлаған,
Болмайтындай демеу болған
домбырасы демеске.

Қасиетті күміс көмей әнім менің —
домбырам,
Жүргімді тербеді үнің,
қаным менің — домбырам.
Ұрпақтарға табыс еткен
бабалардан қалдың сен,
Көнелердің көзі болған,
өзі болған домбырам.

Қазақпын деп айта аламын,
Домбыраммен қазақпын,
Уақытпен бір көтерген
ауыр жүгін азаптың.
Көкейдегі толассыз жыр
домбырама арналды
Әрбір үйдің төріндегі
тұмарындай қазақтың.

Қыркүйектің 19-ы, 1991 жыл.

ТОЙҒА АРНАУ

(Шелек ауданының 70 жылдығына)

Тұған жерім – ақ бесігім, киелім,
Табынатын Тәңірім – сен, сүйерім.
Сенсің – менің өмірімнің бастауы,
Сенсің – жұмақ, қасиетті тірегім.

Жетісуым, жұпары ескен жерім гүл,
Қуанышқа бөленсінші елім бір.
Келіп жатқан жетпіс жасқа ауданы
Шелек деген құт дарыған жерім – бұл.

Бақай атты ер еңселі тауы бар,
Тамылжыған табиғаты, бауы бар.
Жол-жөнекей ат басын бұр, жолаушым,
Әуелеген ән де, дәм де табылар.

Шелек деген – ырыс біткен құтты жер,
Сырын шертсем, тарих жатқан түп-түгел.
Ғасырлардан қалған өшпес белгі бар,
Құдірет жоқ жан жарасы бітті дер.

Білсең, үрпақ, міне саған керегі,
Қазақ деген батыр туған ел еді.

Қасиетті Райымбектің бастауы
Еске түсер, көрсем Ойрантөбені.

Шырын ауа.
Жері гүлге көміліп,
Асы жатыр төрт тұлғін емізіп.
Шет елді де мойындақан көркімен:
«Пай-пай, шіркін, кереметі-ай», — дегізіп.

Өзенім бар.
«Бартогай» су қоймам бар,
Қалам алсаң қалықтайды ой заңғар.
Тұған жердің қуанышын бөлісіп,
Бәйге, көкпар, қыз қуу бар, тойланңдар.

Тұған елім, өшпейтұғын атың бар,
Сенен туған Төлен сынды батыр бар.
Мақаның бар — қара сөздің зергері,
Өлең жазған Құсайындаі ақындар.

Мойындады іскерлігін, көп күшін,
Елі үшін ер еңбегін етті шын.
Арқасында Құдайберген әкімнің
Ауданының тойлап жатыр жетпісін.

Қуан, елім!
Жайна гүлдей, шаттанғын,
Тартар сыйы таусылмасын ақ таңның.

Тәуекел деп ен төріне жетпістің
Ғасырлардың тоғысында аттандын.

Тұған жерім!
Жайна, жасар сен бүгін,
Асқаңтай тұс, жоқ ешкімнен кемдігің.
Құтты болсын қуанышың, думаның,
Бұзылмасын татулығың, елдігің!

1999 жыл.

МАЗМУНЫ

Бірінші бөлім. **МЕН СЕҢ СҮЙЕДІ ЕКЕМ**

Махаббат.....	4
«Жалт бұрылып қарадың да...»	5
«Егер мені шың сүйсек...»	6
Ұнату	7
Гашықпын	8
«Сезімге табындың ба?...»	9
Алғашқы махаббатқа.....	10
«Есіме оралады...»	11
«Жыр боп түн жүрегімде жаттайтындай...»	12
«Шынымен-ақ сен маган сенбеймісің...»	13
Қызғаныш	14
«Сен менің арманымсың бұйырмаган...».....	15
Қыз жүргегі	16
Сыңар қайыңц.....	17
«Бұрын мұндай болатынын кім білген...».....	18
Кінәлау.....	19
«Іе деген жүрексіз ең...»	20
«Бақытты бол...»	21
Оралмадың.....	22
Екі тағдыр.....	23
«Мүмкін бе сұо өзгені...»	24
Мен сені сүйеді скем.....	25
«Жырақта жүрмін...»	26
Сагындым.....	27
Ләқұларым-ай	28
«Жырым болды коцілдің алдағаны...»	30
«Махаббатты жырыма тірек етем...»	31
«Сүйем сені...»	32
«Алғашқы махаббат бәріненде тәтт...»	—
«Мен саган құс бол ұшып жетсем бе екен...».....	—
«Махаббат бар жерде тәттілік болсын...»	—

Екінші бөлім.
ӨМІР ӨРНЕКТЕРІ

«Мен жайында не білсін мына адамдар...»	34
Жиырма жас	35
Бақыттымды іздең журмін.....	37
«Налыма, жүрек, қамығып...»	38
«Төсектен тұртіп ояттың мені, жырларым...» ..	39
«Жырды сүйем...».....	40
«Өлеңнің іздең өткелін...»	42
«Тұңғылған шақта ұғатын мені жыр ғана...».....	43
«Жүретін сәтте гүл жиып...»	44
«Өмірім текке өтпесін деп...»	45
«Ақын деген – Өнердің бәйгесінде сәйгүлік...» ..	46
Көшеде.....	48
Сен мені түсін.....	49
Бақыт деген...	50
Тұн	51
«Өмір – бәйге...».....	52
«Білсендер гой...».....	54
«Бүтін менің көңілім алабөтен...»	55
Қайрау	56
«Жақсылар үшін мына өмір...»	57
«Өмір деген секілді диірменнің тасындаі...» ..	58
Отызға келдім.....	60
«Алып шындар!..»	62
«Тауды аңсаймын...»	63
«Әуелеп ән-күй қанатын көкке қаққанда...» ..	64
Көктем	65
Жүрегім бар.....	66
«Мені, жарым, күн дегениң – ...»	67
«Ойыншықта таласқан бала сынды...»	68
Қараша.....	69
«Қалай-қалай өзгереді бұл әлем...»	70
«Шаршадым, балам!..»	71
Арман.....	72

«Дәрменсізбін алдында тағдырымның...»	73
Тағдыр.....	74
«Қарашы...».....	75
«Жыла тағы...»	76

Үшінші бөлім.
АРНАДЫМ САҒАН

Қыздарға.....	78
Жігіттерге	80
Жұбайларға тілек	81
Ана тілегі	82
Думанға.....	83
Әже.....	84
Жұбаныш.....	85
Ана.....	86
Әке тілегі	87
Айырылу	89
«Жас едің, әке...»	90
Сағыныш	91
Қабір басында	92
Жарыма.....	94
Жетім көніл	95
Қайыршы ананың монологы	97
Тұс	99
Ақын аға	100
Арнау.....	102
Домбырам.....	104
Тойға арнау	106

Зекен Эбдіқожаева

ҚЫЗ ЖҮРЕГІ
Өлеңдер

Редакторы – Б.С.Қошым-Ногай

Басуға 15.02.2006 қол қойылды.
Қалпы 70x90¹/₃₂. Қағазы оғсетті.
Қаріп түрі «DS Baltica». Шартты баспа табагы 7,0 б.т.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №91

«Полиграфсервис» ЖШС. Алматы қаласы,
Зеленая көшесі, 13 «А», тел.: 8 (727) 233-32-53



Зекен
ӘБДІҚОЖАЕВА

*Кызы
жүрөсі*